



Автор: Бисеналина Нургуль hromtau.22 Бакитжановна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Ақпаратты ұсыну

Тақырып: Ақпаратты тасымалдау

Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Ақпарат беруші және қабылдаушы арналарын ажырата алады. Оқушылардың басым бөлігі: Ақпарат беруші және қабылдаушы туралы өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіреді. Кейбір оқушылар: Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарды практика жүзінде ұйымдастырады.
------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру бөлімі: Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Аялы алақан» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» — сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. Топқа бөліп алу. Оқушыларды 3 топқа бөліп алу үшін, ең бірінші осы сыныпта 3 оқу озатын ортаға шақырып, әліпби бойынша тұрғызып оқушыларға сұрақ қойылады: - Үшеуің үш белгісіз аралға саяхатқа шығасыз. Сол саяхатқа саған кім көмек көрсетеді сол оқушыны бір - бірлеп таңдаймыз. Соңында 3 оқушы өздерімен бірге топ құрады.	